

М.Қ. Жақып

Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті,
Қазақстан, Петропавл қ.
e-mail: mkzhakyp@ku.edu.kz

ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ТУРАЛЫ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРДІ ЖАҢАША ТАЛДАУ

Ғылыми әдебиеттерде «Патшалық Ресей үкіметі Орталық Азия және Түркістан өлкесі, оның ішінде қазақ даласында қатаң отарлық саясат жүргізді ме?» деген мәселенің қызу пікірталас тақырыбына айналғанына бір ғасырдан астам уақыт өтті.

Кейінгі онжылдықта патшалық Ресейдің Орталық Азия аймағында, оның ішінде Түркістан өлкесінде жүргізген отаршылдық саясаты тақырыбында көптеген мақалалар жарық көрді. Атап айтқанда, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей, Жапония, Италия, АҚШ, Франция, Германия, Ұлыбритания ғалымдары бірлесе ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Батыс Еуропа және АҚШ ғалымдары Ресей патшалық билігі өзі жаулап алған аймақтарды экономикалық жағынан ғана емес, рухани-ағарту тұрғысынан да барынша басып-жаншып, отаршылдық әрекеттердің ең қатаң әдіс-тәсілдерін қолданды деп есептейді.

Мақаланың мақсаты – XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінде жарық көріп тұрған орыс газет-журналдарындағы мақалалар мен очерктердегі тарихи деректер негізінде патшалық Ресей үкіметінің Орталық Азия елдерінде және Түркістан өлкесінде, оның ішінде қазақ даласында жүргізген қатаң отарлық саясатына ғылыми баға беру.

Негізгі бағыттары мен идеялары – отаршылдық саясатты ақтағысы келетін кейбір зерттеушілердің «патша билігі қанаушы үкімет емес еді; мұндағы саясат шыдамдылықпен ерекшеленді, бірінші кезекте экономикалық қанау емес (аймақтар империяға кіріс әкелмеді), стратегиялық міндеттер тұрды; өйткені Ресейдің өзі Батысқа тәуелді болды; империя орыстық санаға емес, таптық ұстанымға негізделді, орыстар мен орыс еместер арасындағы алауыздық айтарлықтай болмады, Ресей жергілікті халықты өз қатарына қосуға тырысты» деген тұжырымдарын ғылыми негізде теріске шығару.

Зерттеу әдістемесі – тарихи газет-журналдардағы мақалалар мен очерктердегі деректер мен мәліметтерді салыстыра отырып, сыни талдау жасау, оларға ұлттық көзқарас тұрғысынан баға беру.

Негізгі нәтижелер, талдау және тұжырымдама – біз патшалық Ресей тұсында, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінде жарық көріп тұрған газет-журналдардағы мақалалар мен очерктердегі тарихи деректер негізінде қазақ даласын, оның ішінде Түркістан өлкесін отарлау саясатының қалай жүргізілгенін қырық жылдан бері зерттеп келе жатырмыз. Өзіміз жинақтаған тарихи журналистика тұрғысындағы деректер мен мәліметтер негізінде бұрын жарияланбаған ғылыми нәтижелерді ұсынып отырмыз.

Зерттеудің құндылығы – патшалық Ресей билігі шығарып тұрған отаршыл бағыттағы баспасөзге Қазақстанның қазіргі ұлттық идеясы тұрғысынан баға берілді.

Түйін сөздер: тарихи журналистика, патша үкіметінің газет-журналдары, баспасөздің отаршылдық сипаты, «Түркістан жинағы», қазақ даласын отарлау саясаты.

M.K. Zhakyp

Manash Kozybayev North Kazakhstan University, Kazakhstan, Petropavlovsk
e-mail: mkzhakyp@ku.edu.kz

Modern analysis of historical records about kazakh people in journalism of royal Russia

It's been over century since the question «Did the royal Russian government pursue a tough colonial policy in Central Asia and Turkestan including the Kazakh steppes?» has been the matter of heated debate in the scientific literature.

Many articles about colonial policy of royal Russian in Central Asia including Turkestan region were published over the last decade. In particular, scientists from Kazakhstan, Kyrgyzstan, Uzbekistan, Russia, Japan, Italy, the United States, France, Germany, and the United Kingdom conducted joint investigations.

The scientists of Western Europe and the United States consider that Russian royal empire used the harsh methods of colonialism not only economically, but also spiritually and educationally.

Purpose of article – scientific assessment of tough colonial policy of royal Russian government in Central Asia and Turkestan region as well as Kazakh steppes on the basis of historical data from articles and essays in Russian newspapers and magazines published in the late XIX and early XX centuries.

Main lines and ideas includes the disproof of conclusions of some scientists who considers that «royal government was not an exploiting government; primarily, the policy here was described by tolerance and not by economic exploiting (regions produce revenues for empire), there were strategic objectives; as Russia itself depended from the West; the empire was based on class consciousness not on Russian consciousness, there were not considerable differences between Russian and Non-Russian people for Russia to include local people».

Research methods – critical analysis, comparison of historical sources, content analysis of data and information in articles and essays in newspapers and magazines and their assessment from nationwide belief.

Main conclusions, analysis and concept – we conduct research on studying the policy of colonization of the Kazakh steppe as well as Turkestan region for forty years based on the historical sources, such as articles and essays published in newspapers and magazines of royal Russia at the end of the XIX – beginning of the XX centuries. We present scientific results which were not published earlier, the results based on the sources, historical data and information collected by us in the context of historical journalism.

Research value is that scientific assessment of the modern national idea of Kazakhstan was given to the colonial press published by the royal Russia.

Keywords: historical journalism, newspapers and magazines of the royal government, the colonial nature of the press, «Turkestan collection», the colonization policy of the Kazakh steppe.

М.К. Жакып

Северо-Казахстанский университет имени Манаша Козыбаева, Казахстан, г. Петропавловск
e-mail: mkzhakyp@ku.edu.kz

Современный анализ исторических источников о казахском народе в журналистике царской России

Прошло более века с тех пор, как вопрос «Проводило ли царское русское правительство жесткую колониальную политику в Средней Азии и Туркестанском крае, включая казахские степи?» стал предметом горячих дискуссий в научной литературе.

За последнее десятилетие опубликовано немало статей о колониальной политике царской России в Средней Азии, в том числе и в Туркестанском крае. В частности, совместные исследования провели ученые из Казахстана, Кыргызстана, Узбекистана, России, Японии, Италии, США, Франции, Германии и Великобритании.

Ученые Западной Европы и США считают, что русская царская империя использовала самые жестокие методы колониализма не только в экономическом, но и в духовном, и образовательном плане.

Цель статьи – научная оценка жестокой колониальной политики царского российского правительства в Средней Азии и Туркестанском крае, в том числе в казахских степях, на основе исторических данных из статей и очерков в русских газетах и журналах, опубликованных в конце XIX в. и начале XX вв.

Основные направления и идеи заключаются в опровержении выводов некоторых ученых, которые считают, что «царское правительство не было эксплуататорским правительством; политика здесь характеризовалась толерантностью, в первую очередь, не экономической эксплуатацией (регионы не приносили доходов империи), имелись стратегические цели; потому что сама Россия зависела от Запада; империя основывалась на классовом, а не на русском сознании, существенных различий между русскими и нерусскими не было, и Россия пыталась включить в свои ряды местное население».

Метод исследования – критический анализ, сопоставление исторических источников, данных и сведений в статьях и очерках в газетах и журналах, их оценка с общенациональной точки зрения.

Ключевые выводы, анализ и концепция – мы ведем исследования по изучению политики колонизации казахской степи, в том числе и Туркестанского края, на протяжении сорока лет на основе исторических источников, в их числе статьи и очерки, опубликованные в газетах и журналах царской России в конце XIX – начале XX века. На основе источников, исторических данных и

информации, собранных нами в контексте исторической журналистики, мы представляем ранее не публиковавшиеся научные результаты.

Ценность исследования состоит в том, что колониальной прессе, изданной царскими российскими властями, дана научная оценка с точки зрения современной национальной идеи Казахстана.

Ключевые слова: историческая журналистика, газеты и журналы царского правительства, колониальный характер прессы, «Туркестанский сборник», политика колонизации казахской степи.

Кіріспе

Түркістан өлкесінің алғашқы генерал-губернаторы Константин Петрович Кауфман (1818-1882) 1868 жылы Түркістан және көршілес елдер туралы барлық баспасөз жарияланымдарын жинақтап, жүйелеу туралы бұйрық берді. Қазақ даласы патшалық Ресейге қосып алғанға дейін ресми түрде осынау ұлан-ғайыр ұлттық аймақ пен онда өмір сүрген қазақ халқы туралы газет-журналдардағы сан алуан әдебиеттер жүйеленіп, талданбағанын және оны зерттеу мақсаты алға қойылмағанын байқаймыз.

К.П. Кауфман өзінің жоғарыда аталған бұйрығын орындауды белгілі орыс библиографтарының бірі Владимир Измайлович Межовке (1831-1894) тапсырды. Бұл бірегей көп томдықтың – «Жалпы Орталық Азияға және оның ішінде Түркістан өлкесіне қатысты очерктер мен мақалалардың Түркістан жинағының» (қысқартылған түрде «Түркістан жинағының») жалпы көлемі 594 томды құрайды. Түркістан өлкесі мен көршілес елдер туралы бір данада жасалған, теңдесі жоқ, бірегей библиографиялық жинақ Өзбекстан Республикасының астанасы Ташкент қаласындағы Әлішер Науаи атындағы Ұлттық кітапханада сақтаулы тұр.

Зерттеудің ғылыми бағыты: Әлеуметтік ғылымдар.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу барысында қарастырылған «Түркістан жинағына» топтастырылған, патшалық Ресей тұсындағы тарихи журналистикадағы қазақ халқының өмірі жайында ғылыми тұжырымдар жасауға мүмкіндік беретін деректік материалдарды екі топқа бөліп, арнайы басып шығарылған кітаптар және мерзімді басылымдар деп қарастыруға болады.

Осы мақаланы жазу кезінде Орынбор ғылыми археологиялық комиссиясының материалдары, Сырдария облысының статистикасы бойынша материалдар жинағы, Орынбор ведомствосына

қарап тұрған қазақ даласы туралы Бас штаб офицерлері жинаған Ресейдің географиясы мен статистикасына арналған материалдар, Сырдария облысының құрамында болған Черняев және Әулиеата уездеріндегі Шу өзені аймағы мен Талас өзенінің төменгі ағысы қазақтарының жер пайдалануы туралы материалдар, Н.А. Маевтың редакциясымен жыл сайын жарық көріп тұрған Түркістан облысының статистикасына арналған материалдар, Батыс Сібір (Сібір Қазақ даласы) аймағына сипаттама, сондай-ақ мектептерге арнап шығарылған кітаптардың материалдары пайдаланылып, ғылыми сараптамалық талдау жүргізілді.

Бұған қоса Ресей патшасының арнайы тапсырмасымен, отаршылдық саясаттың идеологиялық құралы ретінде тұрақты түрде шығарылып тұрған «Русские ведомости», «Туркестанские ведомости», «Новое время», «Вакт» (араб қарпінде), «На рубеже», «Туркестанский курьер», «Журнал Министерства внутренних дел», «Труды Оренбургской ученой археологической комиссии», «Северная пчела», «Военный сборник», «Современник», «Пчёлка», «Всемирная иллюстрация», «Пчела», «Вестник Европы», «Известия Туркестанского отдела Императорского Русского Географического общества», «Восточное обозрение», «Москвитянин», «Русский инвалид» және тағы басқа да мерзімді басылымдар – газет-журналдарда жарияланған мақала, очерктердегі тарихи деректер іріктеліп алынды.

Мақалада тарихи салыстырмалы әдіс қолданылды. Патшалық Ресей баспасөзіндегі әртүрлі жанрлардағы тарихи дереккөздердің мазмұнын ғылыми саралап, талдау ХІХ ғасырдың ортасында Түркістан өлкесінде жүргізілген отаршылдық саясатты шынайы түрде түсіндіруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ тарихи орыс баспасөзінде жарық көрген мақалалар мен очерктердегі оқиғаларды түсіндіруде тарихи-сыни әдістерді қолдану қазақ халқының өмір салтының өзгеруі туралы ғылыми тұжырым жасауға алғы шарт жасайды.

Әдебиеттерге шолу

2000-шы жылдардан бастап шетелдік авторлардың ағылшын тілінде жазылған патшалық Ресейдің Орталық Азия елдерін, оның ішінде қазақ даласы мен Түркістан өлкесін отарлау саясатын ғылыми тұрғыдан талдауға арналған көптеген зерттеу еңбектері жарық көрді.

Біз бұл мақалада олардың кейбіреулеріне ғана тоқталамыз.

Ұлыбританиядағы Кембридж университетінің Таяу Шығыс зерттеулеріне арналған «International Journal of Middle East Studies» халықаралық журналында жариялаған Түркістандағы отаршылдық билік жүйесі туралы мақаласында Н.А. Абдурахимова XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы Түркістан тарихы қоғамтанушылардың назарын бірнеше рет аударғанын атап көрсетеді.

Автор кеңестік зерттеушілердің көпшілігінде бұл тарих «Ресейге қосылудың өркениетті нәтижесі» тұрғысынан қарастыру сипаты басым болғанын, ал негізгі тарихнамалық бағыт төңкерістер тарихын, жұмысшы табының, шаруалардың таптық толқуларын зерттеу болғанына назар аударады. Сондай тәсілдің салдарынан «патшалық отаршылдыққа қарамастан, орыс емес халықтардың Ресейге қосылуы өркениетті шындық болды» деген ресми бекітілген ұстанымды даулаған мәселелер жауапсыз қалғанын аталған автордың еңбегінен оқып, білуге болады (Abdurakhimova, N.A., 2002: 239-262).

Карлтон университетінің (Оттава, Канада) профессоры Джефф Сахадео 1892 жылы Ташкентте орын алған тырысқақ толқуы кезінде этникалық, таптық және «өркениет» сипатын эпидемия және империя тұрғысынан қарастырған.

Автор 1892 жылы Ресей мен Еуропа жолындағы Орта Азияны шарпыған тырысқақ індеті Ресейдің Түркістан губерниясының орталығы Ташкенттегі империяның көзқарасы мен тәжірибесін өзгертті деген тұжырым жасаған.

Джефф Сахадео бұл індет этникалық зорлық-зомбылыққа әкелсе де, орыс отарлаушылары мен негізінен мұсылман жергілікті халықтың арасындағы өзара тәуелділікті әшкереледі деп санайды. Патша шенеуніктері мен орыс қоныстанушылары 1892 жылғы маусымда ислам дініне негізделген жергілікті мәдениеттің қағидаларын бұзатын тырысқақ шараларына қарсы наразылықты аяусыз басып тастады. Орталық Азия мен Ресей элитасы одан әрі зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін ымыраға келуге ұмтылды. Осы уақытта орыстар тырысқаққа қарсы

ережелерге және тәртіпсіздіктер кезінде зорлық-зомбылыққа қарсы болғаны үшін айыпталды. Роберт Кох бастаған жаңа медициналық жетістіктерге негізделген тырысқаққа қарсы шаралар еуропалық «өркениеттің» артықшылығын көрсетеді деген үміт жоғалып кетті. Патша әкімшілері мен орыс элиталары ортаазиялықтар мен кедей орыстардың мінез-құлқынан олардың артта қалуының дәлелін көрді. Қала 1917 жылға дейін төтенше жағдайда қалды, ал әкімдер этникалық бағыттағы төңкерістік коалицияның қауіптілігіне сенімді болды (Sahadeo, J., 2005: 117-139).

Канадалық профессор Джефф Сахадео 1865-1923 жылдар аралығындағы Ташкенттегі орыс отаршылдық қоғамына арнап кітап жазды.

Осынау мұқият жүргізілген урбанистикалық зерттеу жұмысында Ресей империясы мен исламдық Орталық Азиядағы кеңес өкіметінің алғашқы кезеңдеріндегі патша шенеуніктерінің, кеңестік бюрократтардың, төменгі таптағы орыс жұмысшылары мен әйелдерінің, сондай-ақ мұсылман дворяндары мен Орталық Азия саудагерлерінің әртүрлі көзқарастары талданды.

Джефф Сахадеоның талдау еңбегінде саяси, әлеуметтік, мәдени және демографиялық өзгерістердің осынау отаршыл қауымдастық сипаты 1865 жылғы патша жаулап алуынан большевиктер билігі аймақты қатаң кеңестік билікке бағындырған 1923 жылға дейін қалай өзгергені көрсетілген. Ташкенттегі отаршылдық құрылысты еуропалық контексте жан-жақты суреттеумен бірге, Сахадеоның зерттеуі патша империясының Ресейдің шеткі аймақтарына тигізген мәдени әсерін түсінуге мүмкіндік береді (Sahadeo, J., 2007).

Оксфорд университетінің (Ұлыбритания) профессоры Александр Моррисон патшалық Ресей империясының Орталық Азия елдерінде жүргізген отаршылдық саясатына арналған көптеген еңбектер жазды. Біз солардың екеуіне ғана тоқталғымыз келеді.

Ғалым Түркістан өлкесіне қоныс аударған орыс шаруаларының 1865–1917 жылдар аралығындағы «өркениеттік қызметіне» арналған мақаласының кіріспесінде еуропалық отырықшы отаршылдықтың онша танымал емес үлгілерінің бірі – XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Орталық Азияның оңтүстігіне (Түркістан) еуропалық (негізінен орыс және украин) шаруаларының қоныстануы туралы мәселе қарастырылған.

Автор шаруа қоныстарының құқықтық негіздері мен демографиялық әсерін, сондай-ақ

оларды ұйымдастыру мен көтермелеудегі мемлекеттің рөлін көрсетіп, шенеуніктердің мигранттарға қатынасы (көбінесе өте жағымсыз) және олардың жергілікті қазақ және қырғыз халқымен қарым-қатынасын зерттеген.

Мақалада Түркістандағы славян шаруаларының қоныстануын түсінуге қандай да бір қатысы бар-жоғын анықтау мақсатында оларды басқа отырықшы қоғамдардағы, мысалы, Алжир және Оңтүстік Африка елдеріндегі «кедей ақ адамдар» сияқты салыстырмалы түрде зерттеу тәсілдері қолданылған.

Зерттеуші мұнда да көптеген байырғы халқы бар басқа еуропалық аймақтардағы секілді қоныстандыру саясатында ұқсастықтар бар деген қорытындыға келген. Бірақ нәсілдік идеология Ресей жағдайында діни бөлінулер мен мәдени артта қалушылықпен салыстырғанда әлдеқайда аз рөл атқарды. Бұл бірінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі жылдарда қоныс аударушылар мен «жергілікті» халық арасындағы қарым-қатынастардың айтарлықтай нашарлауын тоқтата алмады, бұл 1916 жылғы ауқымды көтеріліске әкелді (Morrison, A., 2015: 387-417).

Ұлыбритания профессоры Александр Моррисонның орыс әскери тарихына арналған мақаласында «Түркістандық қолбасшы» деп аталатын алты қолбасшының қысқаша ұжымдық өмірбаяны, олардың әрқайсысының Орталық Азияны Ресейдің жаулап алуында және бақылауында маңызды рөл атқарғаны айтылған.

Автор бұл жорықтарды әдетте XIX ғасырдағы Ресей империясының әскери тарихында кішігірім әрекеттер ретінде қарастырады, бірақ олар кейін маңызды қоғам қайраткерлеріне айналған сол кезеңнің ең көрнекті үш генералының – Черняев, Скобелев және Куропаткиннің беделінде маңызды қызмет атқарды деп есептейді. Мақалада мұның кездейсоқ емес, орыс әскери тарихнамасындағы мұқият құрастырылған баяндаудың жемісі екендігі көрсетілген (Morrison, A., 2019: 153-184).

Нәтижелер мен талқылау

«Түркістан жинағындағы» тарихи құнды деректердің бірі – Н. Веселовскийдің Хиуа хандығы туралы ежелгі дәуірден қазіргі уақытқа дейінгі тарихи-географиялық мәліметтер жөніндегі очеркі. Очеркте қазақтар «киргиз-кайсақ» деп аталған және халқымыздың XV ғасырдағы тарихы сипатталған. Автор осы кезеңде бұрынғы Жошы ұлысында, Жошының ұлдары Ежен

мен Шайбанның бұрынғы иеліктерінде екі одақ: бір жағынан өзбектердің, екінші жағынан қазақтардың одақтары құрылды деп жазады. Осы одақтардың құрылуы туралы шығыс деректерінен тарихи анықтамалық деректерде автор өзбек тайпаларының, соның ішінде қазақ тайпаларының (жалайыр, қаңлы, маңғыт, қыпшақ, керейіт, найман, табын) тізімін келтіреді. Әбілқайырдың билігі, Шейбанидің шежіресі, оның Хорезмге жорығы (1486), Әмір Темір әулетінің жерін жаулап алуы, Хиуадағы (өзбек, оның ішінде қазақ) хандардың билігінің сипаттамасы берілген (Веселовский Н., 1877).

М. Галкиннің «Русские ведомости» басылымында жарық көрген еңбегі «Ресейдің Түркістан және Ташкент Қоқан қалаларына тарихи құқықтары туралы қысқаша жазба» деп аталады.

Бұл жазбада қазақ хандарының астанасы болған Түркістанның өзіне дейінгі Сырдарияның жағалауын иемденген қазақтар (XVII ғ. басы) туралы тарихи деректер ұсынылған. Сыр бойындағы кіші жүз бен орта жүзге кіретін көшпелі қазақтардың қоныстарына жақын орналасқан қарақалпақтардың Ресей бодандығына қабылдануы, оның ішінде Сырдарияның екі жағалауындағы қазақ жерлері Ішкі Орданың заңды мұрасы ретінде империя құрамына кіргенін, ол жерде хандардың тұрақты қоныстанғанын атап өтіп, Түркістан, Ташкент, Ақмешіт (Перовский форты) туралы мәліметтер берілген (Галкин М., 1865).

«Туркестанские ведомости» газетінде жарияланған Әбубәкір Диваевтың екі еңбегі ерекше назар аударуға лайық.

Оның алғышқысы парсы тілінен аударылған, құлдарды босатуға арналған құжаттар ретінде Сырдария облысының статистикасына арналған материалдар жинағына енгізілген. Нақты айтқанда, алтынға айырбас ретінде парсы құлдарына бостандық берген екі құжат жарияланған. Құжаттар Орталық Азияда құл иеленушілік пен құл саудасы өркендеген дәуірде құрастырылған және Ресей жаулап алғанға дейінгі кезеңдегі өлке тарихына қатысты құнды мәліметтер береді.

Екінші тарихи құжат – парсы тілінен аударылған Әмір Темірдің Түркістандағы Әзірет Ясауи мешітіне берген жарғысы. Онда Әмір Темірдің Әзірет Ясауи мешітіне берген уақыттарының тізімі келтірілген. Яғни табысты бөлу бойынша нұсқау, Темірдің мешітке жасаған барлық жақсылықтары мен қайырымдылықтары жазылған. Бұл аударманы Ә. Диваев 1898 жылы Түркістан археология әуесқойлары үйірмесі

мүшелерінің жалпы жиналысында лекция ретінде оқыған (Диваев А., 1892а), (Диваев А., 1901б).

«Новое время» басылымындағы келесі бір ақпаратта XIX ғасырдағы Қазалы өңіріндегі әр түрлі халықтардың (арийлер, моңғолдар, түркілер, орыстар) қандай жағдайда өзгергенін көрсететін сол кезеңдердің қысқаша тарихи деректері, Қазалы қаласының сипаттамасы берілген (Казалинская область, 1887).

М.И. Иваниннің еңбегінде Шыңғыс хан мен Темірлан тұсындағы моңғол-татарлардың (түркілердің) және Орталық Азия халықтарының соғыс өнері және жаугершілік жорықтары туралы деректер кездеседі. Шыңғыс хан мен Темірланның татарлар (түркілер) мен Орта Азия халықтарын жаулап алулары кезіндегі әскери өнеріне (әскери заңдар мен мекемелер, жорықтар, әскерлердің құрамы мен ұйымдастырылуы, қару-жарақ) толық сипаттама берілген.

Еңбектің екінші тарауы да ерекше қызығушылық тудырады: онда Орталық Азия халықтарының Темірлан тұсындағы әскери өнері (1391 жыл), көшпелі халықтардың жалпы және шағын соғысқа қабілеттілігі, қазақтардың шекара сызығы бойынан мал ұрлау (барымта) кезіндегі айла-амалдары жайында айтылған (Иванин М.И., 1875).

«Вакт» басылымының 1907 жылғы санында араб қаріптерімен жазылған Түркістан тарихы туралы мақала жарияланған (К истории Туркестана, 1907).

«Түркістан жинағында» Шыңғыс ханның жорықтарын түсіндіру үшін XIII ғасыр басындағы Азия аймағының, Темірланның Алтын Ордаға жасаған 1391 жылғы жорығының, 1405 жылы Қытайға барған жолын көрсетуге арналған карталар берілген (Карта «Азия в начале XIII века для объяснения походов Чингиз-хана», 1875; Карта для объяснения похода Тамерлана..., 1875; Карта Средней Азии, 1875).

«Түркістан жинағында» жарияланған құнды еңбектердің бірі «Ұлы Темірланның өмірі мен істері. 1403-1406 жылдары Самарқандағы Темір сарайына саяхат күнделігі» деп аталады. И.И. Срезневскийдің редакциясымен құрастырылған аудармасы мен жазбалары бар түпнұсқа мәтіннің авторы – испан саяхатшысы Руй Гонсалес де Клавихо.

Қолжазбаның авторы Руй Гонсалес де Клавихо – 1403-1406 жылдары моңғол (түркі) әміршісі Темірмен (Темірбекпен) кездесу үшін Самарқанға арнайы жіберілген Кастилия патшасы Генрих III-тің елшілігін басқарған испан

дворяны. Еңбек Таяу және Орталық Азия елдерінің, сондай-ақ XV ғасырдың басындағы Византияның жағдайын бейнелейтін бай деректік материалдардан тұрады. Күнделіктің 213-215, 217, 218 беттерінде шағатайлықтар, олардың қоныстық шатырлары, тамағы, көшпелі өмір салты, олар әдетте «патшаға» соғысқа жалданып, «патшаның» аттарын күзететіні туралы деректер, ал 337-341 беттерінде Темірдің Тоқтамыспен, Едігемен соғысы туралы әңгіме ұсынылған (Клавихо Руй Гонзалес, де, 1881).

Түркістан өлкесінің статистикасына арналған материалдар ретінде Түркістан статистика комитетінің жыл сайынғы басылымында жарияланған «Қазақ халқының 1732-1868 жылдардағы тарихының очеркі» деп аталатын Н. Маевтың еңбегінде қазақ халқы тарихының 140 жылдық кезеңі қамтылған.

Автор қазақ даласындағы толқулар мен ереуілдерге басты назар аударып, олардың туындауына қазақтарды басқарудың сол кезеңдегі қате жүйесі, яғни жергілікті халықтың ерік-қалауы емес, сұлтан-билеушілердің Ресейге адалдығы ең басты себеп болды деп жазған.

Ресей үкіметі қазақ даласындағы өзінің билігін орнатып, бекіте түсу мақсатында мынадай шаралар қабылдағанын атап көрсеткен:

- 1) Әбілқайыр ұрпақтарынан хандарды тағайындау;
- 2) қазақ даласында ханның қадір-қасиетінің жойылуы, соның салдарынан оның асқан дәрменсіздікке ұшырауы, сұлтан-әмірші тағайындау арқылы қазақ даласының жекелеген бөліктерге бөлінуі;
- 3) қазақ даласына бекіністер салынуы;
- 4) Сырдария бойына қамалдар салынуы;
- 5) қазақ даласына орыс үлгісі бойынша азаматтық басқарудың енгізілуі.

Еңбекте Жанқожа мен Есет Қөтібаровтың аты-жөндері айтылған (Маев Н., 1872: 413-426).

«Түркістан жинағындағы» В. Могутовтың «Елшілік атымен Ресейден Ұлы Татарстанға экспедиция туралы сирек және есте қаларлық жаңалық» атты еңбегінде автор экспедиция бағытын көрсетпеген, алайда мәтінде Ұлы Татариия деп автор қазақ даласының бір бөлігін де мензеген деп болжауға мүмкіндік береді. Хиуа хандығын сипаттаумен қатар қазақтарға қатысты әртүрлі деректер бар (Могутов В., 1777: 63).

«Түркістан жинағында» Н. Павловтың бірнеше туындылары сақталған.

Автордың «Түркістан тарихы. Көрші елдердің қысқаша тарихи очеркіне байланысты» атты

еңбегі «На рубеже» басылымында жарық көрген. Ресейдің Орта Азия хандықтарымен қарым-қатынасы туралы тарихи очеркте кіші жүз (1730 ж.) және орта жүз қазақтарының Ресей бодандығын қабылдауы туралы тарихи мәліметтер айтылған.

Әбілқайыр ханның бодандыққа кіргеннен кейін қабылдаған Ресей шекарасын қорғау, керуендерді қорғау, мал терісімен алым төлеу секілді міндеттерді орындауды ойламаған саясатына «өршіл, арамза саясат», «Әбілқайыр башқұрттарды тонады» деп баға беріліп, ол «орта жүздің ханы Бараққа шабуылы кезінде қаза болды» деген дерек келтірілген. Сондай-ақ Нұралы, Абылай және Сәмеке хандардың билігіне қысқаша сипаттама берілген.

Еңбекте орыстар мен қазақтар арасындағы қарым-қатынас (айырбас саудасы), барымта және тонау, орыс патшайымы II Екатеринаның қазақтарға қатысты ұстанған саясаты, оның жарлықтары, ұлы жүз қазақтары және француз-орыс армиясының Үндістанға жорығының жобасы жайында айтылған. Жұмыста қазақтардың шығу тегі туралы Левшин келтірген аңыздар берілген (Павлов Н., 1909).

«Туркестанский курьер» газетінің бірнеше сандарында Н. Павловтың патшалық Ресейдің қарамағына өткен Түркістан өлкесінің тарихы туралы жарық көрген еңбегі жарияланған.

Автор қазақтардың тарихын Левшин өз еңбектерінде пайдаланған қазақтардың шығу тегін түсіндіруге арналған аңыздар арқылы баяндап шыққан. Қазақтардың орыстармен, қалмақтармен және башқұрттармен қарым-қатынасы, Ресейдің бодандығына өтуі, қазақтардың үш жүзге, ру-тайпаларға бөлінуі, қазақтар арасындағы жайылымға, ұрлық-қарлыққа, барымтаға байланысты өзара араздасу, бір-бірінен кек алу көріністері сөз болған.

Оңтүстік Түркістанға арнайы тарау арналған, оның ерте заманнан Темірланға дейінгі қысқаша тарихы берілген осы очеркте жеке тарихи кезеңдерді егжей-тегжейлі түсіндіретін сілтемелер көптеп кездеседі, Левшиннің еңбектеріне сілтемелер жасалған (Павлов Н., 1908).

Н. Павловтың келесі очеркінде Әмір Темір, оның өмірі мен жаугершілік жорықтарының, Тұран-Иран-Үнді аймақтарына кеңінен таралған Шыңғыс хан мен Әмір Темірдің ұлы ұрпағы ретінде Бабыр сұлтанның қысқаша өмірбаяны жазылған (Павлов Н., 1909).

Жарық көрген очерктерінің бірін Н. Павлов Темүжін заманындағы Түркістан тарихына арнаған. Онда ежелгі ру басшысы Есугей баһадүрдің

ұрпағы хандыққа ұсынылуы, ханның өлімі және оның он үш жасар ұлы Темүжіннің әкесінен қалған билік үшін жаулармен күресі, Моңғолия, Татария, Қытай, Оңтүстік Түркістан, Ирандағы соғыстар, оған тиесілі жерлерді үш ұлына бөлуі, олардың бірі – Шағатайдың Ферғана, Соғды және Бактрияны иемденуі, Темүжін (Шыңғысхан) өлгеннен кейін моңғолдар билігінің әлсіреуі баяндалған (Павлов Н., 1908).

«Журнал Министерства внутренних дел» мерзімді басылымында жарық көрген С. Руссовтың еңбегінде Хиуа туралы шалғай заманнан бүгінгі күнге дейінгі әртүрлі жаңалықтарды қосу арқылы 1733 жылы Самара көпесі Рукавкиннің Орынбордан Хиуаға саяхаты суреттелген. Жұмыс негізінен Хиуаға арналған, бірақ қазақ даласы арқылы өтетін жолдар туралы біршама мәліметтер бар, Әбілқайыр ханның, оның ұлы Нұралының билігі туралы тарихи деректер кездеседі (Руссов С., 1839: 351-401).

«Туркестанские ведомости» газетінде жарық көрген С-ъ А. бүркеншік есімін пайдаланған автордың еңбегінде парсы тілінен аударылған «Тарихи-Мукум-Ханы» қолжазбасындағы Шыңғыс ханның шығу тегі және оның жаугершілік жорықтары жайында тарихи деректер келтірілген. Ашхабадта сақталған бұл шығармада Орталық Азияда билік құрған, Шыңғыс ханнан тараған Шайбан мен Аштарханның атақты екі әулетінің тарихы берілген. Автордың пікірінше, еңбекті XVIII ғасырдың бас кезінде Аштархан ұрпақтарының бірінің хатшысы жазған.

«Туркестанские ведомости» газетінде ұсынылған аударма қолжазбаның алғашқы тарауларында даңқты қоралас тайпасының сүйікті қызы Алан-Құба, Оғыз хан тарихы (Шыңғыс ұрпақтарының шығу тегі туралы аңыз); Темүжіннің (Шыңғыс хан) дүниеге келуі, оның билігінің басталуы; жауынгерлік жорықтары (Шыңғыс ханның Мәуереннаһрға жорығы, осы өңірді жаулап алуы, Термезді, Балхты, Бадахшанды және басқа қалалар мен аймақтарды басып алып, тонауы), Шыңғыс ханның өсиеті және оның өлімі жайында тарихи деректер берілген (С-ъ А., 1907).

1913 жылы Ташкентте басылған М.Л. Юдиннің Күнгей Каспий немесе Каспий сырты аймағының патшалық Ресей құрамына қосылу тарихына арналған «Түрікмен халқымен қарым-қатынастың басталуы» атты еңбегі Орынбор ғылыми археологиялық комиссиясының материалдары ретінде «Түркістан жинағына» енгізілген. Ресей мен түрікмендер арасындағы қарым-қатынастардың тарихына арналған бұл

еңбекте қазақтар туралы, атап айтқанда, түрікмендердің қазақтарға біршама тәуелді болғаны жайында мәліметтер бар. Оған кіші жүз қазақтарының сұлтаны, Әбілқайырдың немересі (1775 ж.) Пірәлі Нұралыұлының түрікмендердің билеуші ханы болғаны дәлел ретінде ұсынылған. Бұл еңбекте адай руының қазақтары туралы біраз мәліметтер келтірілген (Юдин М.Л., 1913: 57).

«Түркістан жинағында» Алтын Орданың, қазақ хандары мен сұлтандарының тарихы туралы құнды деректер жарық көрген.

Астрахань губерниясының қазақтары, Ішкі Қазақ Ордасындағы Жәңгір ханның штабы, көшпелі халықтың қоныстары, халық саны (50 000 адамға дейін), мал шаруашылығы, руларға бөліну және оларды сұлтандар мен қожалардың басқаруы, Орданың ең құрметті он екі мүшесінің кеңесі, салықтарды жинау (зекет, соғым), Орданың орыстарға деген бейбіт қарым-қатынасы сияқты тақырыптар айтылған (Внутренняя киргизская орда, 1842).

Бақтияр, абақ, ойсыл, дулат, шымыр, ботпай, т.б. қазақ рулары туралы мәліметтер жарияланған (Гейнс А.К., 1869: 243).

«Түркістан жинағындағы» Ішкі немесе Бөкей Қазақ Ордасы туралы тарихи деректерден қазақтардың Кіші Ордадан Еділ мен Жайық арасындағы далаға көшу себептері, Ішкі Орданың ханы Бөкей, 1828 жылға дейінгі өтпелі кезеңдер мен жаугершілік, Шығай сұлтан, Жәңгір хан, Орданы басқару жөніндегі уақытша кеңес мәселелерін таба аламыз.

Бұған қоса Исатай Тайманов көтерілісі, Орданың географиялық-статистикалық сипаты: шекарасы, жер көлемі, климаты, таулары, сулары, көлдері, ормандары, мал шаруашылығына қолайлы жерлері, табиғи мекендері, Нарын құмының солтүстік-шығыс шекарасына жақын орналасқан Жасқұстағы хан ордасы, ондағы тұрғындардың саны, олардың кәсіптері, алып жатқан орындары, Ордадағы жерге қоныстану, шаңырақ немесе түтін саны, ауқатты және кедей адамдар қатары, кәсіптері: мал шаруашылығы, сауда, жәрмеңке, Орданы басқару: дін қызметкерлері, олардың білімі және құрамы, азаматтық басқару: Орданың рулар мен тармақтарға бөлінуі, Орданың лауазымды тұлғалары және олардың міндеттері, ханның құқықтары мен билігі, оның қазақтарды жазалауы, халықтың саулығы мен әл-ауқатын сақтау құралдары, Ордадан түсетін салықтар, Ішкі Орданы басқару жөніндегі уақытша кеңес, оның құқықтары мен міндеттері, іс-қимылдар мен әрекеттер, шығындар, кірісті

жинақтап үнемдеу, Орданың әскери күзеттері: қоршау шептері, штабтағы күзетшілер, Бөкей Ордасы қазақтарының тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрыптары мен кейбір салт-дәстүрлері: көшпелілік, қыстау, азық-түлік, көшіп-қону, киім-кешек, қажеттіліктер, сән-салтанат, рухани жағдайы, діні, шаңырақ көтеру дәстүрлері, ойын-сауық, той-думан, аңшылық, кәсіптері, бақсылық, ақындар жайында баяндалған мақаланың соңында Ішкі Бөкей қазақ ордасының сұлтандары мен қожаларының тізімі берілген (Евреинов А., 1886: 49-96).

Бұрынғы хандардың ататектері туралы деректер де назар аудартады (Из отечества прежних ханов, 1907).

Ішкі Қазақ Ордасы ханының сарайы туралы еңбекте Қазақ ордасын басқару орталығы қызметін атқаратын елді мекенді құру, сондай-ақ отырықшы өмірге қадам жасау мақсатында Жәңгір хан сарайын салу тарихы, хан сарайының кеңеюі: қазақтарды және басқа халықтарды қызықтыру үшін жәрмеңкелер ұйымдастыру, хан ордасында сауда мен кірпіш өндірісін дамыту, хан ордасының негізгі халқын құрайтын қазақтар мен татарлар туралы деректер бар (Киттары М.Я., 1885).

Орынбор ведомствосына қарасты қазақ даласы туралы Бас штабтың офицерлері жинаған Ресейдің географиясы мен статистикасына арналған материалдардың авторы Орынбор ведомствасының қазақ даласына барынша жан-жақты сипаттама берген. Атап айтқанда, қазақтардың шығу тегі туралы тарихи анықтама (жеті аңыз), XVII ғасырдан басталған хандар билігі (хан Тәуке, Әбілқайыр, Сәмеке, Ералы, Абылай сұлтан, Айшуақ, Жантөре, Нұралы, Қаратай сұлтан және басқалар), қазақтардың ру-тайпалар мен ататектерге бөлінуі, Тәуке ханның жерді қоныстану тәртібін бекітуі, шығыстағы жоңғар Қалдан Серен билігімен, қалмақтармен, башқұрттармен араздық, соңғы хан Шерғазы (1730-1812) тағайындалғанға дейін қазақтардың Ресей бодандығын қабылдауы, қазақтар мен орыс билігі арасындағы қарым-қатынастар (Орынбор), қазақ даласында алғашқы орыс бекіністерінің салынуы (1812-1863), оның округтер мен болыстарға бөлінуі (1823), қоқандықтармен соғыс қимылдары жазылған.

Жұмыстың екінші бөлімі қазақ даласының географиялық сипаттамасына арналған: географиялық орны, шекарасы, жер бетінің физикалық қасиеттері (геологиялық, орографиялық және гидрографиялық очерктер), климаты, өсімдіктері, жануарлары, пайдалы қазбалары (көмір, темір

рудасы, мыс кені, ашудас, жылтыр қорғасын, мұнай, әк), байланыс: жер, су, пошта жолдары, көшпелі қазақ руларының қоныс мекендерінің кестелері, халық саны, егістік (тәлімдік және суармалы) жерлер жайында, дақылдардың мөлшері мен астықты сақтау тәсілі туралы сандық мәліметтер берілген, ауыл шаруашылығының жағдайы (1860-62 кестеде) сөз болған.

Сонымен бірге шабындық, бау-бақша, көкөніс өсіру, мал шаруашылығы (кестелер қоса берілген), ішкі сауда (суреттер мен кестелермен), сыртқы және тасымал сауда, негізгі сауда нүктелері мен бағыттары (кестелер қоса берілген), білім алу мәселесі, қазақтардың қоғамдық және жеке өмірі (киім-кешек, тамақ, баспана, ыдыс-аяқ, қару-жарақ сипаттамасы), салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары (туу, некеге тұру, жерлеу, мереке-мейрамдар, бала тәрбиесі), барымта секілді мәселелер талқыға салынған.

Орал даласының екі бөлікке бөлінуі: солтүстік-батыс (Орынбор қазақтарын басқару әкімшілігі) және Сырдария қазақтарын басқару әкімшілігі, алымдар мен салықтар, Қарабұтақ, № 1 және 2 (Перовский), Александровскийдегі орыс бекіністері, Орал, Орынбор, Жүлек, Ембі бекетіндегі бекіністер, тарихи ғимараттардың үйінділері, сәулет ескерткіштері, олар туралы аңыздар айтылған.

Жұмыста автор пайдаланған дереккөздердің тізімі келтірілген. Мұрағат материалдарына: облыстық басқармалардың, генерал-губернаторлықтың, Орынбор өлкесі мен Орынбор кеден округі әскерлері штабының мәліметтеріне сілтемелер жасалған. 10-кестеде қазақ даласы арқылы Орталық Азияға әкелген және әкеткен тауарлар туралы мәліметтер көрсетілген (Мейер Л., 1865: 284).

«Түркістан жинағындағы» тарихи баспасөзде қазақ хандарының шежіресі, Әбілқайырдың үйі (кестелер), Орынбор ведомствосына қарасты қазақ даласы туралы Бас штаб офицерлері жинаған Ресейдің географиясы мен статистикасына арналған материалдар да бар (Мейер А., 1865).

М. Михайлов «Қазақтар» атты еңбегінде қазақтардың рулары мен тайпалық бөліністеріне жан-жақты тоқталып, халқымыздың діні, әдет-ғұрыптары, тұрмыс-тіршілігі, кәсібі, адамгершілік және ақыл-ой тәрбиесі туралы әңгімелейді (Михайлов М., 1868).

1852 жылы патшалық Ресейдің астанасы Санкт-Петербурдағы Ішкі істер министрлігінің баспаханасында Павел Небольсиннің «Очерки Волжского Низовья» атты еңбегі жарық көрді.

Осы кітаптың 148-171 беттерінде Ішкі (Бөкей) ордасының қазақтарына тарихи сипаттама берілген.

«Пчёлка» басылымында «Төменгі Еділ бойындағы очерктердің» авторы Небольсиннің қазақ халқының шығу тегіне қатысты деректеріне қарсылық білдіріліп, автор осы мәселе бойынша өз пікірін білдірген. Бұл мақала «Түркістан жинағының» 1880 жылғы топтамасына енгізілген (N.N., 1880:179-181).

«Всемирная иллюстрация» басылымындағы қазақ даласы және оның тұрғындары туралы мақалада қазақтар туралы тарихи-этнографиялық материал берілген. Қазақ халқының шығу тегі, Орда мен жүзге бөлінуі туралы аңыз айтылған, қазақтардың әдет-ғұрыптары, думан-тойлары, әдет-ғұрыптары жайында тарихи деректерге негізделген мақала көркем суреттермен қамтамасыз етілген (Нисченков А., 1869).

1872 жылы мектептерге арнап Сібір және Орынбор қазақтары туралы кітап жарық көрген. «Түркістан жинағының» 1873 жылғы топтамасына енгізілген бұл кітапта қазақтардың шығу тегі туралы аңыздар бойынша тарихи деректер келтірілген. Қазақ халқының үш Ордаға (жүзге) жәнәруға бөліну ерекшеліктеріне тоқталған автор қазақтарды «бейбіт тұрғындарға жаугершілік жорықтар жасайтын жабайылар» деп көрсетіп, Сібір мен Орынбор өлкесінің шептерін құтқару үшін бірте-бірте Сібір (1715) және Орынбор (1735) бекіністерін құру, қазақ даласында тыныштық орнату үшін орыс бекіністерін салу ұсынылған. Оған қоса Кіші және Орта Ордалардың (жүздердің) Ресей бодандығына кіруі (1732), қазақ даласының үш облысқа: Торғай, Ақмола және Жетісу облыстарына, олардың уездерге, болыстар мен ауылдарға бөлінуі, билікке сұлтандарды, болыстық губернаторларды және ауыл старшиналарын тағайындау, Үстіртте көшпелі өмір сүріп, Хиуа билігін мойындаған Ресей бодандығындағы қазақтардың саны туралы деректер келтірілген.

Қазақтардың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлеріне толық сипаттама беріліп, олардың көрегендігі, зерделілігі мен сырлы мінезінің салмақтылығы, Орынбор даласының батыс бөлігіндегі егіншілікпен айналысатын қазақтардың еңбекқорлығы атап көрсетілген. Отырықшы қазақтардың жерге қоныстануы, Ресейдің Хиуа, Бұхара, Қоқан және қазақтарымен дала арқылы сауда жасауы олардың адамгершілік қасиетін жұмсарта түседі деген тұжырым жасалған.

Қазақтардың баспанасы (киіз үйлер), киім үлгілері, тұтынатын тағамдарына, ұлттық ойын-

дарына (бәйге, т.б.), көшіп-қонуына ерекше мән беріліп, жаңа жыл (наурыз) және көктем мерекесі (құрбан айт), үйлену, бала тәрбиесі, жерлеу рәсімдері, мал бағу кәсібі, шаруашылық қызметі: киіз жасау, киім-кешек, аяқ киім тігу, өрмек тоқу, балаларына татар мектептерінде білім беру, ұлдарға молдалардың құран үйретуі секілді ерекшеліктерімен таныстырған (Области Сибирских и Оренбургских киргизов, 1872: 60).

«Пчела» басылымының 1876 жылғы санында қазақ даласы мен Құлжа туралы очерк жарық көрген. Очеркте қазақ даласы, оны Ордалар (жүздер) мен руларға, атап айтқанда, Ұлы Орданың (ұлы жүздің) 4 руға бөлінуі: 1) қазіргі Қоқан хандығының құрамындағы қыпшақтар, 2) қазіргі Бұхара, 3) Дулат, қазіргі Хиуа тайпасы, 4) Сырдария жағалауын мекендеген ру-тайпалар, Орта және Кіші ордалардың (жүздердің) Ресей бодандығына өтуі, қазақтардың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері, неке кию рәсімі және ұлттық ойындары (бәйге) сипатталған. Автор қазақ даласын суреттеумен қатар Құлжа, дүнгендер, тараншылар туралы біраз мәліметтер берген (Очерк Киргизских степей и Кульджи, 1876).

Әулиеата және Черняев уездеріндегі Шу өзені мен Талас өзенінің төменгі ағысын мекендеген қазақтардың шежіресі Сырдария облысының Черняев және Әулиеата аудандарындағы Шу өзені аймағы мен Талас өзенінің төменгі ағысындағы қазақтардың жер пайдалануы бойынша материалдар түрінде ұсынылған. Шежіре 1913 жылы Әулиеата және Черняев уездерінің қазақтары арасында жүргізілген сұрақтарға жауап алу арқылы құрастырған. Қазақтар шежіресінің үлкен кестесі берілген, оған ауылдарды, болыстарды және уездерді көрсете отырып, Үлкен, Орта және Кіші Ордалар (жүздер) ру-тайпаларының аттары жазылған.

Сырдария облысына қарасты Әулиеата, Черняев аудандарындағы 290 қазақ руы тізімге алынған. Негізгі кестені пайдалану үшін рулардың қоныстану мекендерін білдіретін көмекші кестелері және қазақтардың шежіре әліпбиі берілген (Родословная киргиз-казаков, живущих в районе р. Чу и низовьев р. Таласа Аулиеатинского и Черняевского уездов, 1915: 1-8).

«Түркістан жинағында» Қазақ хандары шежіресінің кестесімен бірге Батыс Сібірге, Сібір-Қазақ даласына сипаттама беріліп, Әбілқайыр үйінің шежіресі келтірілген (Родословная таблица киргизских ханов, 1867).

«Орталық Азия мәдениеті және Шығыстағы саясатымыз» атты мақалада орыс патшалығы

билеген Түркістан туралы саяхат жазбалары, I Петрдің қазақтарға көзқарасы, патшайым Анна Иоанновнаның Әбілқайырмен келісімге келуі (1734), Әбілқайырдың билік құруы және оның Ресей бодандығына кіруі, II Екатеринаның қазақтарға қатысты жарлықтары, Кенесары Қасымовтың патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы шығуы, қазақ даласында тұрғызылған орыс бекіністері тақырыптары талқыға салынған.

Жұмыстың екінші бөлімі қазақтарды сипаттауға арналған: олардың шығу тегі, Үлкен, Кіші және Орта Ордалардағы (жүздердегі) қазақтардың саны, олардың Сырдария өзенінің жағасында жер өңдеу кәсібімен шұғылдануы, қазақтың бейнесі мен мінезі, оның киімдері, қазақтың мейрамдары, баспанасы, отау құру тойлары сипатталған (Россель Ю., 1878: 578-610).

Ферғана облысының шығыс бөлігінде тұратын кейбір ру-тайпалардың санағын жүргізу нәтижесіне арналған Императорлық Орыс географиялық қоғамының Түркістан бөлімі материалдарында қазақ руларының отыз оғұл (алшын, бершін, маңғыт); ішкілік (кесек, тейіт, найман, қазақ-қыпшақ, шобалыш) секілді негізгі атаулары 1898 жылы құрастырылған кестеге қоса ру аттары, жазғы-қысқы қоныс аударған жерлері, болыс пен уездің аты берілген. (Ситняковский Н., 1900:92-110).

«Восточное обозрение» басылымының 1882 жылғы санында «Көшім кім болған?» атты мақала жарияланған. Автор Көшімнің шығу тегі туралы мәселені шешуге тырысқан. Ол Көшімді Сібірді билеген ханзадалар әулетін құлатқан қазақ деп есептейтін аңыздарды келтірген. Автор «Көшім кім болды? Оны қазақ деп санауға бола ма?» деген сұрақтардың жұмбағын шешуді оқырманның өзіне қалдырған (Словцов И., 1882).

«Москвитянин» басылымында жарық көрген «Дешті Қыпшақ пен Ішкі Қазақ Ордасының іздері» атты мақалада орыс патшалығынан қазақ ордасына дейінгі аумаққа шолу жасалған. Ішкі Орданың шығу тегі, Жәңгір хан және оның сарайы, Орданы басқару, қазақтардың тұрмыс-тіршілігі, діні, салт-дәстүрі, жыл санауы, қазақтар мен қырғыздардың аты-жөндеріндегі ұқсастықтар туралы айтылған (Терещенко А., 1873: 397-431).

Мектептерге арналған оқулық ретінде «Түркістан өлкесі» деген кітап басып шығарылған. Кітапта Түркістан – қазақ хандарының астанасы деп жазылған. Әбілқайыр билігі (1730), Кіші және Орта Ордалардың (жүздердің) Ресей бодандығын мойындауы (1734), Ресейдің әскери шека-

ралары, II Екатеринаның Орынборда қазақтар үшін арнайы басқарма мен шекаралық сот құру туралы жарлықтары, мешіттер, мектептер мен керуен сарайлар салуға қомақты қаражат бөлінгені баяндалған.

Еңбекте хиуалықтардың қазақтар ісіне араласуы, тәуелсіз қазақтар мен Ресейдің қол астындағы қазақтар арасындағы өзара алауыздық, Хиуа мен Ресейдің қарым-қатынасы, 1835 жылы Перовскийдің Хиуаға қарсы әскери жорығы, 1867 жылы Түркістан округінің құрылуы, оның Ташкент қаласында орталығы орналасқан Сырдария облысына және орталығы Верный қаласында болған Жетісу облысына бөлінуі, Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы К.П. Кауфманның 1868 жылы Қоқан ханымен бейбіт келісім жасауы, Түркістан қаласының толық сипаттамасы (көшелер, ғимараттар, тұрғын үйлер, т.б.), Ұратөбе, Самарқан бекіністері туралы мәліметтер бар (Туркестанский край, 1872: 76).

«Русский инвалид» басылымында Кенесары және Сыздық сұлтандардың қысқаша өмірбаяндары мен олардың қызметі туралы деректер жарық көрген (У. Султаны Кенесары и Садык, 1889).

Хан Әбілқайырдың Ресей бодандығына ант беруі, оның Сырдария өзенінің сағасына қала тұрғызу туралы өтініші, Орынбор драгун полкінің лейтенанты Д. Гладышев пен геодезист Муравинді болашақ қаланы салу орындарын зерттеу үшін қазақ даласына жіберу, Әбілқайырдың қонысы, қазақтардың киімі, мал шаруашылығы туралы қысқаша мәліметтер туралы жазған автор Д. Гладышев пен Муравиннің Орск бекінісінен Сырдарияның сағасы арқылы Ханка қаласына дейін және одан кері қарай жүріп өткен жолы (1741 ж.), Арал теңізі жағалауының сұлбасы мен сызбасы, Амударияның төменгі ағысын алып жатқан халықтар туралы айғақтарын келтірген (Ханыков Я.В., 1851: 85).

Орта кезең халықтары, атап айтқанда, ежелгі қазақтар мен ұйғырлар туралы тарихи очеркте екі кесте ұсынылған: құрамында қазақтар кездесетін өзбектердің 92 руының есебі, олардың тұрғылықты жерлері көрсетілген (Хорошхин А., 1874: 303-330).

«Түркістан жинағына» топтастырылған француз тіліндегі еңбектегі Орта Азия халықтары туралы жазбалардың бір бөлімі Қазақ Ордаларын сипаттауға арналған, хан Абылайдың басқаруы, қазақтардың шаруашылық жағдайы жайында тарихи деректер бар (Recuell de documents sur l'Asie Centrale, 1881).

Қорытынды

Біздің мақаламызда негізге алынған «Түркістан жинағына» енгізілген мерзімді басылымдардағы тарихи мәліметтерге талдау жасау арқылы патшалық Ресейдің отаршылдық саясаты қазақ даласында бірнеше бағытта өте қатаң түрде жүргізілгеніне көз жеткіземіз.

Бірінші бағыт – қазақ даласын жаулап алу. Алғашқы әскери жаугершілік іс-қимылдар XVI-II ғасырдың басында Петр I тұсында болды. Қазақтарды империяның құрамына күштеп кіргізу әрекеттері ұзақ уақыт бойы, XVIII ғасырдың бірінші жартысынан XIX ғасырдың екінші жартысына дейін тоқтаусыз жүргізілді. Бастапқыда Ресей билігі мұны келісімдер түрінде іске асыруға тырысқанымен, кейін бірте-бірте толық бағындыру мақсатындағы іскери жаулап алуға ұласты. Соның салдарынан қазақ даласында наразылық өршіп, қарсылық туды, ал Ресей билігі өзінің қол астына кіргізген халықтарды ұстап тұру үшін күш қолдануға кірісті.

Екінші бағыт – күшпен жаулап алынған қазақ даласына, оның ішінде Түркістан өлкесіне ерекше мәртебе беру арқылы басқарудың қатаң тәсілдері енгізілді. Түркістан өлкесі империяның құрамына кірген соң, ерекше құқықтық мәртебесіне иеленді. Түркістан өлкесі азаматтық басқарумен айналысатын Ішкі істер министрлігіне (қазіргі полициямен шатастырмау керек) емес, Әскери министрлікке бағынды. Яғни барлық жергілікті басқарушылардың әскери шендері болды. Ал жергілікті жерлерде тұрақты түрде төтенше жағдай жүйесі сақталып, ол «әскери-халықтық» деп аталды.

Үшінші бағыт – жергілікті халықтық құқықтары барынша шектелді. Қазақ даласы мен Түркістан өлкесін күштеп жаулап алған соң патшалық Ресей үкіметі қазақтарды «түземдіктер», «орыс емес халықтар», «басқа шет халықтар» деп атап, ресми құжаттар мен газет-журналдардағы мақала, очерктерінде де солай кемсітіп, төмендетіп жазды. Тиісінше өздерінің тарихи атақоныстарында «түземдіктерге» айналып шыға келген қазақтар мен басқа да түркі тектес халықтардың ешқандай да құқықтары болған жоқ, олар барлық жері мен мал-мүлкінен айырылды.

Төртінші бағыт – экономикалық қанау барынша қатаң түрде жүргізілді. Ресей империясы әскери шығындарға көп ақша жұмсады. Патша қазынасындағы мұндай қаражат тапшылығы бірте-бірте азайып, 1910 жылы кірістер көбейіп,

Түркістан өлкесі ресми түрде пайда таба бастады. Бұл ресейлік тоқыма өнеркәсібінде сұранысқа ие болған және оның барлық қажеттіліктерінің жартысын қамтамасыз еткен мақта шаруашылығының дамуына байланысты болды. Жергілікті халыққа салынған салықтың мөлшері көбейіп, қазақтар барынша кедейлене түсті. Сонымен қатар, мақта шаруашылығының дамуы Түркістанның Ресейден астық жеткізуіне тәуелді болуына апарып соқты. Мақта дақылдарын өндірудің өсуі салдарынан Түркістанда дәнді дақылдар азайды. Бұл 1916-1919 жылдары ашаршылыққа ұшыратып, жергілікті халық арасында өлім-жітімді көбейтті.

Бесінші бағыт – қазақтардың жерін тартып алып, олардың орнына патшалық Ресейдің ішкі аймақтарынан көшіріп әкелінген қоныс аударушыларды күштеп орналастыру саясаты белсенді жүргізілді.

Мұның барлығы қазақтар мен басқа да түркі тектес халықтарды өздеріне қарсы жүргізілген империялық отаршылдық саясатқа қарсы күресуге мәжбүр етті.

Қорыта айтқанда, патшалық Ресейдің қазақ даласы мен Түркістан өлкесінде жүзеге асырған отаршылдық саясатын сол кезеңдерде жарық көріп тұрған газет-журналдар мен кітаптардағы тарихи деректер арқылы зерттеу жұмыстары қазіргі заманғы қоғамдық сананы рухани жаңғырту тұрғысынан алдағы уақытта да жүргізіле беруі тиіс. Сонда ғана жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыра аламыз.

Қаржыландыру туралы ақпарат.

Мақаланың жариялануы авторға «Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының «Оқытушы-зерттеуші» біліктілігін беру арқылы қаржыландырылған.

Әдебиеттер

1. Abdurakhimova, N.A. (2002). The colonial system of power in Turkistan // *International Journal of Middle East Studies*. Vol. 34(2), pp. 239-262. DOI: <https://doi.org/10.1017/S0020743802002052>.
2. Веселовский Н. Очерк историко-географических сведений о хивинском ханстве от древнейших времен до настоящего. СПб., 1877. 364 с. // *Туркестанский сб.* – 1878. – Т. 156. – С. 1-364.
3. Внутренняя киргизская орда. – Северная пчела. 1842. № 111 // *Туркестанский сб.* – 1880. – Т. 245. – С. 182.
4. Галкин М. Краткая записка об исторических правах России на коканские города Туркестан и Ташкент. – Русские ведомости. 1865. № 8 // *Туркестанский сб.* – 1869. – Т. 5. – С. 252-259.
5. Гейнс А.К. Родословная таблица киргизов: бахтияр, абак, ойсул, дулат, чемыр, ботпай и др. – Гейнс А.К. Киргизские очерки. – Военный сборник // *Туркестанский сб.* – 1869. – Т. 3. – С. 243.
6. Диваев А. Документы на освобождение невольников. (Перевод с персидского): Сборник материалов для статистики Сыр-Дарьинской области. 1892. – Т. 2. – *Туркестанские ведомости*. 1904. № 61. С. 1-4 // *Туркестанский сб.* – 1907. – Т. 440. – С. 89-90; – 1916. – Т. 566. – С. 84-85; – 1916. – Т. 569. – С. 55-56.
7. Диваев А. Жалованная грамота, данная Тимуром Туркестанской мечети Азрета-Ясави. (Перевод с персидского). – *Туркестанские ведомости*. – 1901. – № 41 // *Туркестанский сб.* – 1916. – Т. 566. – С. 168-174.
8. Евреинов А. Внутренняя или Букевская киргиз-казачья орда. – *Современник*. Т. 99. Отд. 2. С. 49-96 // *Туркестанский сб.* – 1886. – Т. 382.
9. Из отечества прежних ханов. – *Вакт*. 1907. № 244 // *Туркестанский сб.* – 1908. – Т. 452. – С. 53-55. Арабский шрифт.
10. Казалинская область. – *Новое время*. 1887. №4055 // *Туркестанский сб.* – 1887. – Т. 409; – Т. 411.
11. Карта «Азия в начале XIII века для объяснения походов Чингиз-хана». – Иванин М.И. О военном искусстве и завоеваниях монголо-татар и среднеазиатских народов при Чингиз-хане и Тамерлане. СПб., 1875 // *Туркестанский сб.* – 1873. – Т. 89. – С. 253.
12. Карта для объяснения похода Тамерлана в Золотую Орду в 1391 г. и показания пути в Китай для предложенного им похода в 1405 г. – Иванин М.И. О военном искусстве и завоеваниях монголо-татар и среднеазиатских народов при Чингиз-хане и Тамерлане. СПб., 1875 // *Туркестанский сб.* – 1873. – Т. 89. – С. 256.
13. Карта Средней Азии. – № 7. – Иванин М.И. О военном искусстве и завоеваниях монголо-татар и среднеазиатских народов при Чингиз-хане и Тамерлане. СПб., 1875 // *Туркестанский сб.* – 1873. – Т. 89. – С. 263.
14. К истории Туркестана. – *Вакт*. 1907. № 228 // *Туркестанский сб.* – 1908. – Т. 452. – С. 3-5; 13-14.
15. Киттары М.Я. Ставка хана Внутренней киргизской орды // *Туркестанский сб.* – 1885. – Т. 375.
16. Клавихо Рюи Гонзалес, де. Жизнь и деяния Великого Тамерлана. Дневник путешествия ко двору Тимура в Самарканд в 1403-1406 гг. Подлинный текст с переводом и примечаниями, составленными под редакцию И.И. Срезневского. – СПб., 1881. 455 с. // *Туркестанский сб.* – 1881. – Т. 273. – С. 1-455.
17. Маев Н. Очерк истории киргизского народа с 1732 по 1868 год. – *Материалы для статистики Туркестанского края*. Ежегодник. Издание Туркестанского статистического комитета под ред. Н.А. Маева. СПб., 1872. Вып. 1. 2 половина. С. 413-426 // *Туркестанский сб.* – 1873. – Т. 52.
18. Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства. – *Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами Генерального штаба*. СПб., 1865. 284 с. // *Туркестанский сб.* – 1870. – Т. 22.

19. Мейер А. Родословная киргизских ханов. Дом Абул-Хаира. [Таблицы]. – Киргизская степь Оренбургского ведомства: Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами Генерального штаба. СПб., 1865. // Туркестанский сб. – 1870. – Т. 22.
20. Михайлов М. Киргизы. (Литературная библиотека. 1868) // Туркестанский сб. – 1869. – Т. 16. – С. 121-131.
21. Могутов В. Редкое и достопамятное известие о бывшей из России в Великую Татарияу экспедиции под именем посольства. СПб., 1777. 63 с. // Туркестанский сб. – 1886. – Т. 383.
22. Morrison, A. (2015). Peasant Settlers and the 'Civilising Mission' in Russian Turkestan, 1865–1917 // *The Journal of Imperial and Commonwealth History*, 2015, 43(3), pp. 387-417.
23. Morrison, A. (2019). The 'Turkestan generals' and russian military history // *War in History*, 2019, 26(2), pp. 153-184. DOI: <https://doi.org/10.1177/0968344517723373>.
24. N.N. Поправка. – Пчёлка // Туркестанский сб. – 1880. – Т. 245. – С. 179-181.
25. Нисченков А. Киргизская степь и её обитатели. – Всемирная иллюстрация. 1869. № 121 // Туркестанский сб. – 1870. – Т. 25. – С. 399-401.
26. Области Сибирских и Оренбургских киргизов. Книжки для школ. – М., 1872. – № 57. 60 с. // Туркестанский сб. – 1873. – Т. 48. – С. 145-206; – 1882. – Т. 286.
27. Очерк Киргизских степей и Кульджи. – Пчела. 1876. № 21 // Туркестанский сб. – 1878. – Т. 196. – С. 1-6.
28. Павлов Н. История Туркестана. В связи с кратким историческим очерком сопредельных стран. – На рубеже. 1909. № 167, 170, 175, 177, 180, 183, 187, 190, 192, 197, 200, 203, 205, 207 // Туркестанский сб. – 1909. – Т. 508. – С. 17-50.
29. Павлов Н. Очерки по истории Русского Туркестана I. – Туркестанский курьер. 1908. № 28, 46, 58, 69 // Туркестанский сб. – 1908. – Т. 491. – С. 1-2; – Т. 492. – С. 3-10.
30. Павлов Н. Очерки по истории Туркестана. IV. – Туркестанский курьер. – 1908. – № 84 // Туркестанский сб. – 1907. – Т. 495. – С. 135-138.
31. Павлов Н. Очерки по истории русского Туркестана. V. Тимур. – Туркестанский курьер. 1909. № 15, 23 // Туркестанский сб. – 1909. – Т. 497. – С. 60-67.
32. Recuell de documents sur l'Asie Centrale. 1. Histoire de l'insurrection des Jounganes sous le regne de Jao-Kouang (1821-1828) d'apres les documents chinois. P. 1-68. 2. Description orographique du Turkistan Chinois tradute du si Jou TCHE. P. 69-112. 3. Notices geographiques et Historiques sur les peuples de l'Asie Centrale, tradute du si Jou TCHE. P. 113-226. L'Asie Centrale, tradute du si Jou TCHE. P. 227-405 // Туркестанский сб. – 1881. – Т. 254.
33. Родословная киргиз-казаков, живущих в районе р. Чу и низовьев р. Таласа Аулиеатинского и Черняевского уездов. – Материалы по киргизскому землепользованию района реки Чу и низовьев реки Таласа Черняевского и Аулиеатинского уездов Сыр-Дарьинской области. 1915. С. 1-8: 1 л. табл. // Туркестанский сб. – 1916. – Т. 577.
34. Родословная таблица киргизских ханов. (Дом Абул-Хаира и дом Каина). – Завалишин. Описание Западной Сибири (Сибирско-Киргизская степь). 1867 // Туркестанский сб. – 1870. – Т. 25. – С. 152-153.
35. Россель Ю. Средне-азиатская культура и наша политика на Востоке. – Вестник Европы. – 1878. – № 6. – С. 578-610; – № 7. – С. 117-158 // Туркестанский сб. – 1880. – Т. 222.
36. Руссов С. Путешествие из Оренбурга в Хиву самарского купца Рукавкина в 1733 году с приобщением разных известий о Хиве с отдаленных времен доньше. – Журнал Министерства внутренних дел. 1839. Т. 34. С. 351-401 // Туркестанский сб. – 1886. – Т. 386.
37. Sahadeo, J. (2005). Epidemic and empire: Ethnicity, class, and "civilization" in the 1892 Tashkent cholera riot // *Slavic Review*, Vol. 64 (1), pp. 117-139. DOI: <https://doi.org/10.2307/3650069>.
38. Sahadeo, J. (2007). *Russian Colonial Society in Tashkent, 1865-1923* (Book). Institute of European and Russian Studies, Carleton University, Ottawa, Canada.
39. Ситняковский Н. Перечисление некоторых родов, обитающих в восточной части Ферганской области. – Известия Туркестанского отдела ИРГО. 1900. Т. 2. Вып. I. С. 92-110 // Туркестанский сб. – 1908. – Т. 474. – С. 33-101.
40. Словцов И. Кто был Кучум? – Восточное обозрение. 1882. № 39, 40 // Туркестанский сб. – 1883. – Т. 327. – С. 16-20.
41. С-ъ А. Происхождение Чингиз-Хана и его завоевания / Перевод с персидского (Из рукописи «Тарихи-Муким-Ханы»). – Туркестанские ведомости. – 1907. – № 15, 16 // Туркестанский сб. – 1907. – Т. 435. – С. 35-47.
42. Терещенко А. Следы дешт-кипчака и Внутренняя киргиз-кайсацкая орда. – Москвитянин. С. 51-85 // Туркестанский сб. – 1873. – Т. 77. – С. 397-431.
43. Туркестанский край. Книжки для школ. – М., 1872. – № 59. 76 с. // Туркестанский сб. – 1882. – Т. 286.
44. У. Султаны Кенесары и Садык. – Русский инвалид. 1889. № 176 // Туркестанский сб. – 1907. – Т. 426. – С. 15-16.
45. Ханьков Я.В. Поездка из Орска в Хиву и обратно, совершенная в 1740-1741 годах Гладышевым и Муравиным. СПб., 1851. 85 с. // Туркестанский сб. – 1883. – Т. 343.
46. Хорошкин А. Народы Средней Азии. Приложение 2-е. Статьи неофициальной части Туркестанских ведомостей за 1870 и 1871 годы, не вошедшие в состав 2-го выпуска Ежегодника. – Материалы для статистики Туркестанского края. Ежегодник. Издание Туркестанского статистического комитета под ред. Н.А. Маева. СПб., 1874. Вып. 3. С. 303-330 // Туркестанский сб. – 1873. – Т. 95.
47. Юдин М.Л. Начало сношений с туркменским народом. (Материалы для истории присоединения Закаспийской области). Ташкент, 1913. 57 с. – Труды Оренбургской ученой археологической комиссии. 1913. Т. 29. С. 85-141: карт. // Туркестанский сб. – 1914. – Т. 546. – С. 2-30.

References

1. Abdurakhimova, N.A. (2002). The colonial system of power in Turkistan // *International Journal of Middle East Studies*. Vol. 34(2), pp. 239-262. DOI: <https://doi.org/10.1017/S0020743802002052>.
2. Veselovskij N. Oчерk istoriko-geograficheskikh svedenij o hivinskom hanstve ot drevnejshih vremen do nastoyashchego. [Essay on historical and geographical information about the Khiva Khanate from ancient times to the present]. SPb., 1877. 364 s. // *Turkestanskij sb.* – 1878. – T. 156. – pp. 1-364.
3. Vnutrennyaya kirgizskaya orda. Inner Kyrgyz horde. – Severnaya pchela. 1842. № 111 // *Turkestanskij sb.* – 1880. – T. 245. – p. 182.
4. Galkin M. Kratkaya zapiska ob istoricheskikh pravah Rossii na kokanskije goroda Turkestan i Tashkent. A Brief Note on Russia's Historical Rights to the Kokan Cities of Turkestan and Tashkent. – *Russkie vedomosti*. 1865. № 8 // *Turkestanskij sb.* – 1869. – T. 5. – pp. 252-259.
5. Gejns A.K. Rodoslovnaya tablica kirgizov: bahtiyar, abak, ojsul, dulat, chemyr, botpaj i dr. Pedigree table of the Kirghiz: bakhthiyar, abacus, oysul, dulat, chemyr, botpay, etc.. – Gejns A.K. Kirgizskie oчерki. – *Voennyj sbornik // Turkestanskij sb.* – 1869. – T. 3. – p. 243.
6. Divaev A. Dokumenty na osvobozhdenie nevol'nikov. Documents for the release of slaves. (Perevod s persidskogo): Sbornik materialov dlya statistiki Syr-Dar'inskoj oblasti. 1892. – T. 2. – *Turkestanskije vedomosti*. 1904. № 61. S. 1-4 // *Turkestanskij sb.* – 1907. – T. 440. – pp. 89-90; – 1916. – T. 566. – pp. 84-85; – 1916. – T. 569. – pp. 55-56.
7. Divaev A. ZHalovannaya gramota, dannaya Timurom Turkestanskoj mecheti Azreta-YAsavi. A letter of commendation given by Timur to the Azreta-Yasavi Turkestan mosque. (Perevod s persidskogo). – *Turkestanskije vedomosti*. – 1901. – № 41 // *Turkestanskij sb.* – 1916. – T. 566. – pp. 168-174.
8. Evreinov A. Vnutrennyaya ili Bukeevskaya kirgiz-kazach'ya orda. Internal or Bukeevskaya Kirghiz-Cossack horde. – *Sovremennik*. T. 99. Otd. 2. pp. 49-96 // *Turkestanskij sb.* – 1886. – T. 382.
9. Iz otechestva prezhnih hanov. – From the fatherland of the former khans. *Vakt*. 1907. № 244 // *Turkestanskij sb.* – 1908. – T. 452. – pp. 53-55. *Arabskij shrift*.
10. Kazalinskaya oblast'. Kazaly region. – *Novoe vremya*. 1887. №4055 // *Turkestanskij sb.* – 1887. – T. 409; – T. 411.
11. Karta «Aziya v nachale XIII veka dlya ob'yasneniya pohodov CHingiz-hana». Map “Asia at the beginning of the 13th century to explain the campaigns of Genghis Khan”. – Ivanin M.I. O voennom iskusstve i zavoevaniyah mongolo-tatar i sredne-aziatskikh narodov pri CHingiz-hane i Tamerlane. SPb., 1875 // *Turkestanskij sb.* – 1873. – T. 89. – p. 253.
12. Karta dlya ob'yasneniya pohoda Tamerlana v Zolotuyu Ordu v 1391 g. i pokazaniya puti v Kitaj dlya predlozhenogo im pohoda v 1405 g. A map to explain Tamerlane's campaign against the Golden Horde in 1391 and showing the way to China for his proposed campaign in 1405. – Ivanin M.I. O voennom iskusstve i zavoevaniyah mongolo-tatar i sredne-aziatskikh narodov pri CHingiz-hane i Tamerlane. SPb., 1875 // *Turkestanskij sb.* – 1873. – T. 89. – p. 256.
13. Karta Srednej Azii. Map of Central Asia. – № 7. – Ivanin M.I. O voennom iskusstve i zavoevaniyah mongolo-tatar i sredne-aziatskikh narodov pri CHingiz-hane i Tamerlane. SPb., 1875 // *Turkestanskij sb.* – 1873. – T. 89. – p. 263.
14. K istorii Turkestana. To the history of Turkestan. – *Vakt*. 1907. № 228 // *Turkestanskij sb.* – 1908. – T. 452. – pp. 3-5; 13-14.
15. Kittary M.YA. Stavka hana Vnutrennej kirgizskoj ordy Headquarters of the Khan of the Inner Kyrgyz Horde // *Turkestanskij sb.* – 1885. – T. 375.
16. Klaviho Ryui Gonzales, de. ZHizn' i deyaniya Velikogo Tamerlana. Dnevnik puteshestviya ko dvoru Timura v Samarkand v 1403-1406 gg. Life and deeds of the Great Tamerlane. Diary of a journey to Timur's court in Samarkand in 1403-1406. Podlinnyj tekst s perevodom i primechaniyami, sostavlennymi pod redakcieyu I.I.Sreznevskogo. – SPb., 1881. 455 s. // *Turkestanskij sb.* – 1881. – T. 273. – pp. 1-455.
17. Maev N. Oчерk istorii kirgizskogo naroda s 1732 po 1868 god. Essay on the history of the Kyrgyz people from 1732 to 1868. – *Materialy dlya statistiki Turkestanskogo kraja. Ezhegodnik*. Izdanie Turkestanskogo statisticheskogo komiteta pod red. N.A. Maeva. SPb., 1872. Vyp. 1. 2 polovina. S. 413-426 // *Turkestanskij sb.* – 1873. – T. 52.
18. Mejer L. Kirgizskaya step' Orenburgskogo vedomstva. Kirghiz steppe of the Orenburg department. – *Materialy dlya geografii i statistiki Rossii, sobrannye oficerami General'nogo shtaba*. SPb., 1865. 284 s. // *Turkestanskij sb.* – 1870. – T. 22.
19. Mejer A. Rodoslovnaya kirgizskikh hanov. Dom Abul-Haira. [Tablicy]. Genealogy of the Kirghiz khans. House of Abul-Khair [Tables]. – *Kirgizskaya step' Orenburgskogo vedomstva: Materialy dlya geografii i statistiki Rossii, sobrannye oficerami General'nogo shtaba*. SPb., 1865. // *Turkestanskij sb.* – 1870. – T. 22.
20. Mihajlov M. Kirgizy. Kyrgyz. (Literaturnaya biblioteka. 1868) // *Turkestanskij sb.* – 1869. – T. 16. – pp. 121-131.
21. Mogutov V. Redkoe i dostopamyatnoe izvestie o byvshej iz Rossii v Velikuyu Tatariju ekspedicii pod imenem posol'stva. . [Rare and memorable news about an expedition from Russia to Great Tatarstan under the name of an embassy. SPb., 1777. 63 s. // *Turkestanskij sb.* – 1886. – T. 383
22. Morrison, A. (2015). Peasant Settlers and the ‘Civilising Mission’ in Russian Turkestan, 1865–1917 // *The Journal of Imperial and Commonwealth History*, 2015, 43(3), pp. 387-417.
23. Morrison, A. (2019). The ‘Turkestan generals’ and russian military history // *War in History*, 2019, 26(2), pp. 153-184. DOI: <https://doi.org/10.1177/0968344517723373>.
24. N.N. Popravka. [Amendment]. – *Pchylka // Turkestanskij sb.* – 1880. – T. 245. – pp. 179-181.
25. Nischenkov A. Kirgizskaya step' i eyo obitateli. The Kyrgyz steppe and its inhabitants. – *Vsemirnaya illyustraciya*. 1869. № 121 // *Turkestanskij sb.* – 1870. – T. 25. – pp. 399-401.
26. Oblasti Sibirskih i Orenburgskih kirgizov. Knizhki dlya shkol. [Regions of the Siberian and Orenburg Kirghiz. School books. M., 1872. № 57. p. 60 // *Turkestanskij sb.* – 1873. – T. 48. – pp. 145-206; – 1882. – T. 286.

27. Oчерk Kirgizskih stepej i Kul'dzhi. Outline of the Kirghiz steppes and Kulja. – Pchela. 1876. № 21 // Turkestanskij sb. – 1878. – T. 196. – pp. 1-6.
28. Pavlov N. Istoriya Turkestana. V svyazi s kratkim istoricheskim oчерkom sopedel'nyh stran. History of Turkestan. In connection with a brief historical outline of neighboring countries. – Na rubezhe. 1909. № 167, 170, 175, 177, 180, 183, 187, 190, 192, 197, 200, 203, 205, 207 // Turkestanskij sb. – 1909. – T. 508. – pp. 17-50.
29. Pavlov N. Oчерki po istorii Russkogo Turkestana I. Essays on the history of Russian Turkestan I. – Turkestanskij kur'er. 1908. № 28, 46, 58, 69 // Turkestanskij sb. – 1908. – T. 491. – pp. 1-2; – T. 492. – pp. 3-10.
30. Pavlov N. Oчерki po istorii Turkestana. IV. Essays on the history of Turkestan. IV. – Turkestanskij kur'er. 1908. № 84 // Turkestanskij sb. – 1907. – T. 495. – pp. 135-138.
31. Pavlov N. Oчерki po istorii russkogo Turkestana. V. Timur. Essays on the history of Russian Turkestan. V. Timur. – Turkestanskij kur'er. 1909. № 15, 23 // Turkestanskij sb. – 1909. – T. 497. – pp. 60-67.
32. Recuell de documents sur l'Asie Centrale. 1. Histoire de l'insurrection des Jounganes sous le regne de Jao-Kouang (1821-1828) d'apres les documents chinois. P. 1-68. 2. Description orographique du Turkistan Chinois tradute du si Jou TCHE. P. 69-112. 3. Notices geographiques et Historiques sur les peuples de l'Asie Centrale, tradute du si Jou TCHE. P. 113-226. L'Asie Centrale, tradute du si Jou TCHE. P. 227-405 // Turkestanskij sb. – 1881. – T. 254.
33. Rodoslovnaya kirgiz-kazakov, zhivushchih v rajone r. CHu i nizov'ev r. Talasa Aulieatinskogo i CHernyaevskogo uezdov. Pedigree of the Kyrgyz Cossacks living in the area of the river. Chu and lower reaches of the river. Talas of Aulieatinsky and Chernyaevsky counties. – Materialy po kirgizskomu zemlepol'zovaniyu rajona reki CHu i nizov'ev reki Talasa CHernyaevskogo i Aulieatinskogo uezdov Syr-Dar'inskoj oblasti. 1915. pp. 1-8: 1 l. tabl. // Turkestanskij sb. – 1916. – T. 577.
34. Rodoslovnaya tablica kirgizskih hanov. (Dom Abul-Haira i dom Kaina). Pedigree table of the Kirghiz khans. (House of Abul-Khair and House of Cain). – Zavalishin. Opisanie Zapadnoj Sibiri (Sibirsko-Kirgizskaya step'). 1867 // Turkestanskij sb. – 1870. – T. 25. – pp. 152-153.
35. Rossel' YU. Sredne-aziatskaya kul'tura i nasha politika na Vostoke. Central Asian culture and our policy in the East. – Vestnik Evropy. 1878. № 6. pp. 578-610; № 7. pp. 117-158 // Turkestanskij sb. – 1880. – T. 222.
36. Russov S. Puteshestvie iz Orenburga v Hivu samarskogo kupca Rukavkina v 1733 godu s priobshcheniem raznyh izvestij o Hive s otdalennyh vremen donyne. Journey from Orenburg to Khiva by the Samara merchant Rukavkin in 1733 with the inclusion of various news about Khiva from remote times to the present. – Zhurnal Ministerstva vnutrennih del. 1839. T. 34. pp. 351-401 // Turkestanskij sb. – 1886. – T. 386.
37. Sahadeo, J. (2005). Epidemic and empire: Ethnicity, class, and “civilization” in the 1892 Tashkent cholera riot // Slavic Review, Vol. 64 (1), pp. 117-139. DOI: <https://doi.org/10.2307/3650069>.
38. Sahadeo, J. (2007). Russian Colonial Society in Tashkent, 1865-1923 (Book). Institute of European and Russian Studies, Carleton University, Ottawa, Canada.
39. Sitnyakovskij N. Perechislenie nekotoryh rodov, obitayushchih v vostochnoj chasti Ferganskoj oblasti. Enumeration of some genera living in the eastern part of the Fergana region. – Izvestiya Turkestanskogo otdela IRGO. 1900. T. 2. Vyp. I. S. 92-110 // Turkestanskij sb. – 1908. – T. 474. – pp. 33-101.
40. Slovcov I. Kto byl Kuchum? Who was Kuchum? – Vostochnoe obozrenie. 1882. № 39, 40 // Turkestanskij sb. – 1883. – T. 327. – pp. 16-20.
41. S-" A. Proiskhozhdenie CHingiz-Hana i ego zavoevaniya. Origin of Genghis Khan and his conquest. Perevod s persidskogo (Iz rukopisi «Tarihi-Mukim-Hany»). – Turkestanskije vedomosti. 1907. № 15, 16 // Turkestanskij sb. – 1907. – T. 435. – pp. 35-47.
42. Tereshchenko A. Sledy desht-kipchaka i Vnutrennyaya kirgiz-kajsackaya orda. Traces of the Desht-Kipchak and the Inner Kirghiz-Kaisak Horde. – Moskvityanin. pp. 51-85 // Turkestanskij sb. – 1873. – T. 77. – pp. 397-431.
43. Turkestanskij kraj. Knizhki dlya shkol. Turkestan region. School books. M., 1872. № 59. p. 76 // Turkestanskij sb. – 1882. – T. 286.
44. U. Sultany Kenesary i Sadyk. Sultans Kenesary and Sadyk. – Russkij invalid. 1889. № 176 // Turkestanskij sb. – 1907. – T. 426. – pp. 15-16.
45. Hanykov YA.V. Poezdka iz Orska v Hivu i obratno, sovershennaya v 1740-1741 godah Gladyshevym i Muravinyem. A trip from Orsk to Khiva and back, made in 1740-1741 by Gladyshev and Muravin. SPb., 1851. p. 85 // Turkestanskij sb. – 1883. – T. 343.
46. Horoshkhin A. Narody Srednej Azii. Prilozhenie 2-e. Stat'i neoficial'noj chasti Turkestanskih vedomostej za 1870 i 1871 gody, ne voshedshie v sostav 2-go vypuska Ezhegodnika. Peoples of Central Asia. Annex 2. Articles of the unofficial part of the Turkestan Gazette for 1870 and 1871, which were not included in the 2nd edition of the Yearbook. – Materialy dlya statistiki Turkestanskogo kraja. Ezhegodnik. Izdanie Turkestanskogo statisticheskogo komiteta pod red. N.A.Maeva. SPb., 1874. Vyp. 3. pp. 303-330 // Turkestanskij sb. – 1873. – T. 95.
47. YUdin M.L. Nachalo snoshenij s turkmenskimi narodom. (Materialy dlya istorii prisoedineniya Zakaspijskoj oblasti). The beginning of relations with the Turkmen people. (Materials for the history of the annexation of the Transcaspien region). Tashkent, 1913. p. 57. – Trudy Orenburgskoj uchenoj arheologicheskoy komissii. 1913. T. 29. pp. 85-141: kart. // Turkestanskij sb. – 1914. – T. 546. – pp. 2-30.